12 қараша 2026

MACRO RESEARCH

Инфляциялық мониторинг

Ай сайын | қазан 2026

ИНФЛЯЦИЯҒА ШОЛУ

Қазақстан| Макроэкономика

Қазандағы күтпеген жаңалық: өсім болжамы 9%-ға дейін төмендетілді

Жылдық инфляцияның серпіні мен болжамы, %



Айлық инфляцияның серпіні мен болжамы, %



Инфляция, жылдық, %	**9,2**
Инфляция, жылдық, 25 қазан, %	**12,6**
Инфляция, айлықтық, %	**0,5**
Инфляция, айлықтық, 25 қазан, %	**0,5**
Азық-түлік инфляциясы, жыл, %	**7,6**
Азық-түлікке жатпайтын тауар инфляциясы, жыл., %	**10,4**
Ақылы көрсетілетін қызметтер инфляциясы, жыл, %	**10,3**
Жылдық инфляция болжамы, 2026, %	**9,0**
Жылдық инфляция болжамы, 2027, %	**7,8**
Инфляциялық болжам, 12-ай, %	**9,8**
Нақты пайыздық мөлшерлеме, %	**6,55**
ӘЖӨ өсуі, 10М 2026, ж/ж, %	**4,5**
К. соңындағы USD/KZT өсуі, ж/ж, %	**-15,2**
К. соңындағы RUBKZT өсуі, ж/ж, %	**-16,8**
Базалық мөлшерлеме, %	**15,75**
TONIA мөлшерлемесі, %	**15,26**
Мемл. облигациялардың кірістілігі ~2Y, %	**15,07**
Мемл. облигациялардың кірістілігі ~12Y, %	**13,70**

Данияр Оразбаев, CFA
Инвестициялық талдаушы
(+7) 727 311 10 64 (688) | daniyar.orazbayev@fbroker.kz

- **Жылдық инфляция негізінен азық-түлік тауары бағасының өзгеруі есебінен қыркүйектегі 9,3%-дан қазанда 9,2%-ға дейін баяулады.**
- **Ет бағасының баяу өсуі және қанттың арзандауы есебінен азық-түлік тауары бағасының қазан айындағы айлық инфляциясы 2011 жылдан бергі ең төменгі деңгейде болды.**
- **Бензин мен дәрі-дәрмек бағасының өзгеруі есебінен азық-түлікке жатпайтын тауар инфляциясы да инфляцияның төмендеуіне ықпал етті.**
- **Ақылы көрсетілетін қызметтер былтырғы төмен базаның әсерінен инфляцияға кері ықпал етті. Бұл әсер күткендегіден әлсіз болды.**
- **Қазанда Ресей мен Еуроаймақта инфляция жеделдеп, орташа көрсеткіш 2025 жылғы маусымнан бергі ең жоғары деңгейге жетті.**
- **Теңгенің валюталық себетке қатысты аздап әлсірегеніне қарамастан, валюта арнасының ықпалы әлсіз күйінде қалып отыр.**
- **2026 жылдың соңына арналған инфляция болжамымыз 9,5%-дан 9,0%-ға дейін төмендетілді, ал 2027 жылдың соңына арналған болжам 7,8% деңгейінде сақталды.**

Жылдық инфляция күтпеген жерден бәсеңдеп, қазанда 9,2%-ды құрады. Бұл қыркүйектегі көрсеткіштен 0,1 пайыздық тармаққа төмен. Инфляцияның бәсеңдеуіне негізінен ет бағасының баяу өсуі мен қанттың арзандауы аясында азық-түлік инфляциясының төмендеуі ықпал етті. Көкөніс бағасының маусымдық өсуі сәл жоғары болғанына қарамастан, азық-түлік қоржынының қазан айындағы айлық инфляциясы соңғы 15 жылдағы ең төменгі деңгейде тіркелді. Бензин мен фармацевтикалық тауардың бағасы бір айда өскенімен, өсім қарқыны айтарлықтай жоғары болды. Дегенмен, бағаның өсуі былтырғыдан баяу болды. Бұл да жылдық инфляцияның бәсеңдеуіне ықпал етті. Ал былтырғы төмен базаның әсеріне ие ақылы қызметтер жалпы көрсеткішке біз күткендей кері ықпал ете алмады. Көрсетілетін қызметтер бағасының айлық өсу қарқыны соңғы 12 айдағы ең төменгі деңгейде болды. Бұған, атап айтқанда, көлік қызметтері бағасының төмендеуі және тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің (ТКҚ) бірқатары бағасының өзгеріссіз қалуы ықпал етті.

Азық-түлік инфляциясының айлық көрсеткіші 2011 жылдан бергі қазан айларындағы ең төменгі деңгейге жетті. Бір айда бағалар небәрі 0,2%-ға өсті. Ал 2012–2025 жылдары қазан айындағы орташа өсім 1%-ды құраған, былтыр да осы деңгейде болған. Бір жылда азық-түлік тауарының бағасы 7,6%-ға қымбаттады. Бұл – 2025 жылғы наурыздан бергі ең төменгі көрсеткіш. Көрсеткіштің жақсаруына негізінен ет пен қант бағасының өзгеруі ықпал етті. Ет бағасы орта есеппен бір айда 0,2%-ға қымбаттады. Ал 2025 жылғы қазанда өсім 1,8% болған еді. Бұған негізінен қой етінің бағасы әсер етті: ол бір айда 1,4%-ға арзандады, ал былтыр осы кезеңде 1,4%-ға қымбаттаған болатын. Сондай-ақ қант пен май бағасының өсу қарқыны бәсеңдегенін атап өткен жөн. Құмшекер бағасы бір айда 9,5%-ға, ал күнбағыс майының бағасы 0,1%-ға арзандады. Майдың басқа түрлері 2025 жылмен салыстырғанда баяу қарқынмен қымбаттады. Жеміс-жидек пен көкөніс бағасы жалпы бір айда 0,3%-ға өсті. Бұл былтырғы көрсеткіштен 1 пайыздық тармаққа жоғары. Бағаның өсуіне негізінен көкөніс әсер етті: қияр (м/м +27%-ға, қызанақ (м/м +14%-ға) қымбаттады. Ал алма (м/м -6,2%-

ға), банан (м/м -4,7%-ға), лимон (м/м -3,9%-ға) және пияз (м/м -9,8%-ға) арзандады.

Азық-түлікке жатпайтын тауар инфляциясы айлық мәнде баяулады. Бағаның өсу көрсеткіші бір айда 0,8%-ды құрады. Бұл қыркүйектегі 1,1% және 2025 жылғы қазандағы 1,2% көрсеткіштерден төмен. Бір жылда азық-түлікке жатпайтын тауар 10,4%-ға қымбаттады. Бұл – 2025 жылғы тамыздан бергі ең төменгі көрсеткіш. Инфляцияның бәсеңдеуіне жанар-жағармай бағасының былтырғыдан баяу өсуі ықпал етті. Мәселен, АИ-92 маркалы бензиннің бағасы былтырғы қазанда бір айда 2,9%-ға қымбаттаса, 2026 жылы бұл көрсеткіш 1,6%-ды құрады. Екінші жағынан, айлық өсім соңғы бір жылдағы екінші ең жоғары көрсеткіш болды. Фармацевтикалық тауар бағасының серпіні бензин бағасының өзгерісіне ұқсас болды. Биыл олардың бағасы бір айда 1,5%-ға өсті, ал былтыр бұл көрсеткіш 2,8%-ды құраған еді. Нәтижесінде азық-түлікке жатпайтын тауардың жылдық инфляциясы төмендеді. Тұрмыстық техника бағасы небәрі 0,3%-ға қымбаттады (2025 жылғы қазанда – 0,8%).

Ақылы көрсетілетін қызметтер бағасының өсуі соңғы бір жылдағы ең төменгі деңгейге жетті. Қазанда сегменттің өсімі м/м 0,5%-ды құрады. Бұл қыркүйек көрсеткішінен 0,5 пайыздық тармаққа төмен, алайда былтырғы әдеттен тыс төмен м/м -0,8% көрсеткішінен жоғары. Еске сала кетейік, дәл 2025 жылғы қазанда ТКҚ бағасының өсуіне мораторий енгізілген. Бұл былтырғы төмен базаның қалыптасуына себеп болды. Былтыр ТКҚ бағасы м/м -3,5%-ға төмендесе, биыл өсім м/м 0,9%-ға жетті. Бұл – соңғы 4 айдағы ең жоғары көрсеткіш. Ең көп қымбаттаған қызмет түрі электр энергиясы болды (м/м +3,4%). Көлік қызметтері жалпы көрсеткішке айтарлықтай ықпал етіп, үшінші ай қатарынан арзандап келеді (м/м -1,4%). Бұған пойыз билеттері бағасының арзандауы (м/м -7,3%) әсер етті.

Жиынтық инфляция соңғы 16 айда ең жоғары деңгейге жетті. Негізгі сауда серіктестері елдеріндегі (РФ, Қытай және ЕО бойынша жиынтық көрсеткіш) импорт үлесіне қарай өлшенген орташа жылдық инфляция 2,79%-дан 3%-ға дейін өсті. Бұл – 2025 жылғы маусымнан бергі ең жоғары көрсеткіш. Ресейдегі инфляция қазанда алдын ала деректер бойынша жеделдеп, бір ай бұрынғы 6,35%-бен салыстырғанда 7,11%-ды құрады. Қытайда жылдық инфляция 0,9%-дан 0,7%-ға дейін бәсеңдеді. Бұл – биылғы ең төменгі үш көрсеткіштің бірі. Еуроаймақта инфляция жеделдеуін жалғастырып, қыркүйектегі 3,8%-дан қазанда 4,0%-ға дейін өсті. Бұған энергия тасымалдаушылар бағасының өсу қарқынының ж/ж 19%-дан 21%-ға дейін жеделдеуі ықпал етті. Көрсетілетін қызметтер бағасының өсу қарқыны ж/ж 3,2%-дан 3,3%-ға дейін, ал азық-түлік инфляциясы ж/ж 1,3%-дан 1,6%-ға дейін жеделдеді.

Теңге үшін қазан айы тұрақты болды. Теңгеге қатысты төрт негізгі валютаның (USD, EUR, RUB, CNY) импорт үлесіне қарай өлшенген орташа жылдық өзгерісі қазанда ж/ж -17% деңгейінде қалып, қыркүйек айындағы көрсеткішпен бірдей болды. Былтырғы қазанда бұл көрсеткіш ж/ж +21%-ға жеткен еді. Алайда қазан айының өзінде теңге валюталық себетке қатысты м/м 0,7%-ға әлсіреді. Бұған көбінесе теңгеге қатысты м/м 2,7%-ға нығайған рубль ықпал етті. Валюталық себеттің жылдық арзандауына рублдің қосқан үлесі барлық валюталардың ішінде ең жоғары болып қалып отыр – 43% (доллар – 24%, еуро – 22%). Жылдық мәнде еуроның орташа айлық бағамы 20%-ға, доллардікі 17%-ға, юаньдікі 11%-ға, ал рублдікі 19%-ға төмендеді.

БҰҰ ФАО-ның азық-түлік бағалары индексі қазанда қыркүйекпен салыстырғанда төмендеді. Әлемдік азық-түлік бағасы орта есеппен ж/ж 5,9%-ға қымбаттады. Қыркүйекпен салыстырғанда ФАО индексі м/м 1,2%-ға төмендеді. Бұған негізінен сұраныстың әлсіреуі және Аргентинадағы астық түсімінің болжамы жақсаруы аясында дәнді дақылдар бағасының (м/м -4,5%-ға) арзандауы ықпал етті. Соған қарамастан, жаңбыр салдарынан Бразилияда қант қамынын жинау жұмыстарының қиындауына байланысты қант бағасы өсуін жалғастыруда (м/м +6,6%). Бір жылда ең көп қымбаттаған өнімдер – қант (+29%), май мен тоңмай (+18%) және дәнді дақылдар (+12%). Ет бағасының өсуі тоқырағаң, ал сүт өнімдері ж/ж 17%-ға арзандаған.

2026 жылдың соңына арналған жылдық инфляция болжамымыз 9,5%-дан 9,0%-ға дейін төмендетілді. Қазанда азық-түлік себеті бағасының өсуі біз күткеннен төмен болды. ТКҚ бағасының да біз болжағандай қатты өспеуі күтпеген жағдай болды. Нәтижесінде осы факторлар биылғы жылдың соңына арналған болжамымызды төмендетуге негіз болды. ТКҚ-дан кейін жалпы инфляцияға төнетін негізгі тәуекел – АИ-92 маркалы бензин бағасы. Оның бағасы 2025 жылғы қарашадан 2026 жылғы мамырға дейін іс жүзінде өскен жоқ. Бұған қоса, ТКҚ тарифтерінің әкімшілік жолмен көтерілуі кез келген сәтте жалпы жағдайды күрт нашарлатуы мүмкін. Ресей мен Еуроаймақта инфляцияның жеделдеуі аясында сыртқы қысым тәуекелінің бар екенін атап өтеміз. Екінші жағынан, теңгенің нығаюы және әлемдік азық-түлік бағасының төмендеуі бұл тәуекелді тежеп отыр. Ал халықтың инфляциялық болжамы 2022 жылғы ақпаннан бергі ең төменгі деңгейге дейін төмендеді.

Анықтама ақпараты

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының ж/ж өсуі



Валюталық себет бағамының өзгерісі мен инфляцияның өсуі



ФАО индексі



3 негізгі сауда серіктесіндегі инфляция



Жылдық инфляцияға сегменттердің қосқан үлесі



Айлық инфляцияға сегменттердің қосқан үлесі



Лицензия https://ffin.global/licence/
«Freedom Finance Global PLC» жария компаниясы (бұдан әрі - Компания) Қазақстан Республикасындағы «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) аумағында бағалы қағаздар нарығында брокерлік (агенттік) қызметтер көрсетеді. АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасының талаптары, шарттары, шектеулері және/немесе нұсқаулары сақталған кезде Компания No. AFSA-A-LA-2020-0019 лицензиясына сәйкес мынадай реттелетін қызмет түрлерін жүзеге асыруға уәкілетті: принципал ретінде инвестициялармен жасалатын мәмілелер, агент ретінде инвестициялармен жасалатын мәмілелер, инвестицияларды басқару, инвестициялық консультация беру және инвестициялармен жасалатын мәмілелерді ұйымдастыру. Осы бөлімде орналастырылған ақпарат пен материалдар анықтамалық-ақпараттық сипатқа ие, Freedom Finance Global PLC клиенттеріне бағытталған, жеке инвестициялық ұсыным болып табылмайды, әртүрлі компаниялардың акцияларына инвестициялау ұсынысы болып табылмайды.
Осы құжатта орналастырылған материалдар инвестициялық зерттеу объектісіне (бұдан әрі - Эмитент) қатысты анықтамалық-ақпараттық сипатта болады, Компанияның ағымдағы бөлшек және әлеуетті бөлшек клиенттеріне жолданады. Осы құжатта баяндалған ақпарат жалпыға қолжетімді дереккөздерден алынған және автор (авторлар) сенімді деп есептеледі, алайда автор (авторлар) оның дәлдігіне немесе толықтығына қатысты анық немесе түспалданатын ешқандай кепілдіктер мен кепілдіктер бермейді. Ақпарат қандай да бір жеке немесе заңды тұлғаның қандай да бір инвестициялық шешімдер қабылдауы үшін негіз ретінде пайдалануға арналмаған. Бұл ақпарат инвестициялық ұсыным емес, сондай-ақ кез келген бағалы қағазды сатып алуды немесе сатуды ұсынбайды немесе шақырмайды. Бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдарына иелік ету қашанда тәуекел тудырады: бағалы қағаздар мен басқа қаржы құралдарының құны өсуі немесе төмендеуі мүмкін. Бұған дейінгі инвестициялау нәтижесі болашақта кіріске кепілдік бермейді. Заңнамаға сәйкес, Компания болашақта салымның кірістілігіне кепілдік бермейді және уәде бермейді, ықтимал инвестициялардың сенімділігіне және ықтимал кірістер мөлшерінің тұрақтылығына кепілдік бермейді